

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Акторлы-желілік теория туралы
(АЖТ)





Мақсаты: Бруно Латураның акторлы-желілік теория туралы түсіндірмелерімен танысу.

Тірек сөздер: желі, актор, семиотика.

Акторлы жүйелердің қасиеттерін қарастыру – ғылым мен техника саласындағы зерттеушілердің Париждік тобы 1980 жылдардан бері шешуге талпынып келе жатқан мәселелердің бірі. Алайда бұл теория, Б. Латурдың ойынша, дұрыс түсіндірілмей, соған сәйкес дұрыс қолданылмай келген. Өзінің мақаласында Б. Латур желілердің бірқатар қасиеттерін атап көрсетіп, теорияның дұрыс түсіндірілмеуінің кейбір себептерін түсіндіруге тырысады.

Аталған жүйені қате түсінудің себептері «желі» сөзі мен оның білдіретін коннотацияларын дұрыс қолданбаудан.

Біріншіден, «желіге» техникалық мән-мағына беру, айталық, ағын су немесе темір жол желісі, метро немесе телефон желісі секілді. Бүгінде жаңашыл технологияларды «желі» деп атап жүр, яғни олар өзара тығыз байланысты бола тұра, бір-бірінен соншалықты алшақ элементтерден тұрып, элементтер арасындағы байланыс міндетті тәсілдердің есебінен циркуляцияланып, стратегиялық сипаттағы бірбүтін болып табылады. Өзара тығыз байланысты, өзара алшақ, өзара міндетті және стратегиялық тұрғыдан ұйымдастырылған бірден-бір жаңалық – компьютер желісі. Бірақ бұл да акторлы желінің негізгі метафорасы емес. Екіншісі – акторлы-желілік теория (одан ары АЖТ) әлеуметтік желілер ретінде қарастырылуда. Негізінде, акторлы-желілік теория әлеуметтік желілер қатарында қарастырылмағаны дұрыс. Себебі бұл зерттеулер субъектілердің әлеуметтік қарым-қатынасына (жиілігі, орналастырылуы, біртектілігі, жақындығы) қатысты. Желі әлеуметтік зерттеулерде институттар, ұйымдар, мемлекеттер мен ұлттар секілді жаһандық тұжырымдамаларға қатысты қолданылды. АЖТ мұндай әлеуметтік терминдермен жақындығы аз болғанмен, қоғам табиғатын сипаттауға бағытталған. Алайда бұл жағдайда АЖТ жекелеген субъектінің іс-әрекеттерімен шектелмей, адамнан тыс іс-әрекеттерге де қатысты болады. Әлеуметтік желілерде адамдардың әлеуметтік және табиғи әлемдегі өзара қарым-қатынасы туралы мәліметтер жинақталса, АЖТ қоғам мен табиғаттың мағынасын ашуға бағытталған. АЖТ әлеуметтік желілерге әлеуметтік теорияны ендірмейді, әлеуметтік теорияны қайта қарап, жалпы желінің қасиеттерін түсінуге тырысады. Әдетте, бұл әлеуметтану секілді онтология немесе метафизика. Әрине, анықтама бергенде әлеуметтік желілер туралы сипаттаулар қоса беріледі. Бірақ олар аса маңызды бола қоймайды.

Онда «желі» сөзін қолданып, одан сайын түсінбеушілікке ұрынудың не қажеті бар дейсіз ғой? «Желі» сөзі Дидродан бастап, материя мен денелерді сипаттау үшін, материя мен рух арасындағы айырмашылықты ерекше атап көрсету мақсатында қолданылып келген. Сөйтіп, желі сөзінің басынан-ақ күшті онтологиялық компоненті болған-ды. Қарапайым тілмен айтқанда, АЖТ – белгілі бір затты сипаттауда қолданылатын метафорлардың өзгеруі: үстіңгі жағын сипаттаудың орнына сіз, Делездің сөзімен айтқанда, жіп немесе ризоманы (астыңғы қабаты немесе түбірі) көресіз.

Нақтырақ айтсақ, бұл – топологияның өзгерісі. Үстіңгі беті – екі өлшемі немесе сферасы, үш өлшемі туралы ойланғаннан гөрі желілердің өзара байланысты өлшемдерін анықтаған жөн. Алғашқы кезде АЖТ-ны қарастырғанда, қазіргі заман қоғамын талшықты, жіп тәрізді, созылыңғы, жабысқақ, капиллярлы секілді қасиеттерді телімей сипаттау мүмкін еместігі анықталады. Бұл қасиеттер деңгей, қабат, территория, сфера, категория, құрылым, жүйе секілді ұғымдармен байланыспайды. Ол осы дәстүрлі сөздерге байланысты салдарларды түсіндіруге бағытталған. АЖТ-ны ғылым мен техника саласының мамандары ұсынып, қоғамды байланыстыратын желінің не екенін жараталыстану және әлеуметтік ғылымдармен байланысты фактілерді, инженерлер құрастырған артефактілерді қайта қарамастан түсіну мүмкін емес деп тұжырымдайды. Екінші жолы қарастырғанда, АЖТ – әлеуметтік талшықтарды түсіндірудің жалғыз тәсілі – желілік онтология мен әлеуметтік теориясы болып табылатыны дәлелденеді.

АЖТ – материалды кедергінің қарапайым ғана мысалы. Күш жиілік пен бірліктен туындамайды, керісінше, таралу, әртектілік және әлсіз байланыстардың тыңғылықты бірігуі барысында туындайды. Кедергі, қыңырлық және мықтылыққа желілерде әлсіз байланыстарды байлау, шиыршықтау арқылы қол жеткізуге болады. Әрбір байланыс күштілігіне, қаншалықты әлсіз байланыстардан құрылғанына қарамастан, технологияның әлеуметтілігін білдіреді. АЖТ – алдыңғы планды айналдырып көру: әмбебап заңдардан – әлеуметтік және жаратылыстану



заңдарынан бастағаннан гөрі кездейсоқты кәдімгі кездейсоқ деп білген дұрыс. Соның арқасында АЖТ тәртіппен белгілі бір дәрежеде байланысты болады. Тәртіп тәртіпсіздіктен немесе хаос философиясынан, көптеген практикалық байланыстар – этнометодологиядан туындайды. Әмбебаптылық немесе тәртіп – ереже болып табылады. Орналасуы, кездейсоқтығы немесе кластерлер көлдегі емес, теңіз бетіндегі архипелагқа ұқсайды. Әмбебапшылдар кез келген заттың үстіңгі бетін тәртіп немесе кездейсоқтықпен толтыруға тырысса, АЖТ тәртіп пен кездейсоқтық арасын толтыруға талпынбайды.

Бұл – АЖТ-ның кереғар аспектісі. Нақты айтсақ, желілерден басқа ештеңе жоқ. АЖТ – Б. Латурдың айтуынша, редукциялы және релятивті теория, ирредукциялы және реляциялық онтологияның қажетті қадамы.

II Желі

АЖТ желілердің бірқатар қарапайым қасиеттерін қолданып, оған ақырындап акторды (субъектінің іс-әрекетін) қосады. Актор белгілі бір жұмыстарды атқарады; мұндай онтологиялық құрамдас бөлігін қосу желіні түбегейлі өзгертеді. Б. Латур бүкіл желі атаулыға ортақ қарапайым қасиеттерді түсіндіруден бастайды.

Ары/бері параметрі: желілер тұрғысынан алғанда, «біз» қашықтық немесе жақындық тираниясынан құтылады. Бір-бірінен ажыратқанда да, жақындығын сақтап қалатын элементтер оларды біріктіру барысында түбегейлі алшақтауы ықтимал. Сондай-ақ бір-бірінен алшақ көрінген элементтер бір-біріне соншалықты жақын болуы мүмкін. Адам келесі бір адамнан небәрі бір метр қашықтықта, мәселен, жанындағы телефон будкасында отырып, өзінен 10 000 км қашықтықтағы туған анасымен соншалықты жақын болады. Алясканың солтүстік бұғысы басқа бұғыдан ондаған метр қашықтықта тұрса да, араларын 1000 км-ге созылған құбыр желісі бөліп тұруы мүмкін. Соның кесірінен, бұл екеуі бір-біріне ешқашан жақындай алмайды. Латур тағы бір мысал келтіреді: бала өзімен жасы шамалас араб құрбысымен бірге мектепте отырады. Бірінші сыныптағы рухани және локациялық жақындығына қарамастан, олар екі түрлі әлемде өмір сүреді. Оның салдары – өлшеуге келмейді. Газ құбыры кабельді телевидениенің шыныталшықтарына және канализациялық құбырға жақын жатуы мүмкін, соған қарамастан екі желі газ құбырымен әртүрлі байланысып жатады. Желілер тұрғысынан алғанда, осы ассоциацияларды анықтауда тап болатын қиындықты олардың географиясымен түсіндіруге болады. Бұл жақындық пен байланысты жоққа шығарып тұрғандай көрініп тұрғаны анық. Желі ұғымының әлеуметтік теориясы тереңде: оның априорлы тәртіппен ешқандай байланысы жоқ; оның қоғамның жоғары жағы мен төменгі жағы болады деген аксиологиялық мифке ешқандай қатысы жоқ; макро – немесе микро – секілді локустар бар ма, жоқ па деген тұжырым жасамайды; жоғары дәрежеде байланысқан элементтерді қайта өзгертуге ешқандай қиындық туындамайды. Желі ұғымы масштабты өзгертуге сай келеді, себебі желі аналитиктің өзінің әлемін априорлы мектептің көмегімен өзгертуді талап етпейді. Масштаб – бірлестіктер типі, саны мен топографиясы ретінде актордың өзі болып саналады.

Желі ұғымы бізге әлеуметтік теоретиктердің тираниясынан құтылып, қоғамның ажырама бөліктері арасындағы белгілі бір деңгейдегі байланысты қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Жергілікті және жаһандық көзқарастардың арасынан біреуін таңдаудың орнына желі ұғымы жаһандық маңыз туралы ойлануға итермелейді.

Ішкі/сыртқы параметрі: желі ұғымы бізге үшінші кеңістіктік өлшемнен құтылуға мүмкіндік береді. Үстіңгі беттің ішкі және сыртқы жақтары, шегаралары болады. Желі дегеніміз – ішкі және сыртқы жақтарының шегаралары. Осы екі элементтердің бірігуі мүмкін бе деген сұрақ туындайды. Желі ұғымы тар топологиялық тұрғыдан, кеңістіктік метафораларды қайта құрастыруға мүмкіндік береді. Кеңістіктік метафоралар қоғам-табиғат қатынасын күрделендіріп тастады: жақын және алыс, жоғары және төменге бағытталған, жергілікті және жаһандық, ішкі және сыртқы. Олар ассоциациялармен және байланыстармен алмасып отырады. Бұл дегеніміз – «макро» қоғамға немесе «ішкі» табиғатқа ұқсас ештеңе жоқ дегенді білдірмейді. Қашықтық, жақындық, иерархия, байланыстылық, бөгделік секілді әсерлерге қол жеткізу үшін қыруар жұмыс жасау керек. Бірақ бұл жұмыс топологиялық желі ұғымын ескермейді. Сондықтан



АЖТ желінің математикалық ұғымына актер түсінігін теліп отырады. Жаңа гибридті актерлы желі бізді әлемнің математикалық қасиеттерінен алшақтатып жібереді. Біз статикалық және типологиялық қасиеттерден динамикалық және онтологиялық қасиеттерге өтуіміз керек.

III Актор

Математика мен инженериядағы желі – басқа бір салада математиктер немесе инженерлер тарапынан қадағаланатын құндылық. Акторлы желі – қадағалауды орындайтын құндылық, яғни онтологиялық анықтама. Желінің осындай ерекшелігін айрықшалап көрсету үшін ғалымдар «актор» ұғымын қосқан.

«Желі» секілді «актор» сөзі де қате түсіндіріліп келді. Міне, бұл – үшінші қателік. Актор ағылшын-саксон дәстүрінде – саналы жеке субъект ретінде «әрекет» ұғымына қарсы қаралады. Егер бұл актерды желінің әлеуметтік анықтамасына қатысты қолдансақ, мәселе айқындала түседі: егер жеке адам (әдетте, еркек) билікке қол жеткізгісі келсе, ол ортақ пікірлестерін жинап, билігін кеңейте түседі – американдықтар айтқандай, «байланыс орнатады»... Өкініштісі сол, бұл – АЖТ-нің ең кең таралған нұсқасы.

АЖТ-дағы «актор» – семантикалық анықтама – актант – өздігімен әрекет ететін немесе басқаларға ұсынылатын әрекет дегенді білдіреді. Бұл жекелеген адами субъектілерді немесе жалпы адамдар тобын білдірмейді. Актант – әрекеттің көзі. Егер АЖТ сынның нысаны болмаса, адами қасиетке де немқұрайлықты көрсетері хақ. АЖТ-ның актерлық үлгісі немесе біліктіліктердің белгілі бір тізімі жоқ. Адам немесе әлеуметтік субъект дәстүрлі әлеуметтік теорияда әрекеттер бағдарламасына енеді.

Сонда, әрекеттер бағдарламасына не енеді? Атрибуция (телу) дегеніміз – адами, адамға тән емес, адамға ғана емес, адамнан тыс секілді сипаттамалар, олардың арасында байланыс орнату, атрибуция трансформациясы, элементтердің байланыстарын бөлу т.б.

АЖТ-ны игерудің күрделілігі үш бағыттағы тәсілдердің бірігуінен көрінеді:

- Мағынаны қалыптастырудың семиотикалық анықтамасы;
- Мұндай құрылымның біртектілігін ескеру үшін қажетті әдіснамалық негіз;
- Актанттардың желілік сипаты туралы онтологиялық тұжырымдар.

АЖТ-ға сүйенсек, осы үш байланыс практикалық зерттеулердің интеграциясынан ғана көрінеді.

Семиотика – референция және өндірістің әлеуметтік шарттары мәселесінің мәнін ашуға жасалған қажетті қадам. Бұл 1960 жылдардағы негізгі жетістіктің бірі ретінде саналды. Адам мен табиғаттың субъективті іс-әрекеттері арасындағы қарым-қатынас құралы болудың орнына, мағынаны зерттеуге ерекше ден қойылды. Мәселеге айналуың орнына, ол түсініксіздік тудырды. Басты мақсат – оларды анықтау, дұрыс түсіндіру болды. Былайша айтқанда, мағынаны анықтау – басты мақсатқа айналды. Жиырма жыл бойы кемеңгер тұлғаларымыз қарым-қатынастың үлгісін зерттеуге ден қойып келді. Олардың структуралистік интерпретациялары бұзыла бастады.

АЖТ мағынаны құрастыруды түсінуге қажетті құрал-тәсілдерді сорттай бастады. Басты мәселе – әрбір ұғымның құрамына кез келген қатынастар, әрекеттер кіреді.

Біріншіден, адамға жеке актер немесе ұжымдылық немесе анонимділік, зооморфты түрлер, аморфтылық, материалдылық секілді қасиеттер телінді. Олардың салдары әртүрлі, жанрлары әрқилы болады. Бірақ атрибуция бойынша жұмыс біркелкі болады.

Екіншіден, актерлар циркуляциялық объектілер ретінде танылды. Семиотика мәтіндер мен дискурстарға олардың контекстін, авторларын, оқырмандарын анықтауда маңызды тәсіл болып табылды. Мәтін талдана бастайды. Интерпретацияға жол жоқ! Контекстің қажеті жоқ! 60–70 жылдары «дискурс қана бар», «нарративтер өздігімен әрекет етеді», «біз пікірден басқа ештеңеге қол жеткізе алмаймыз» деген ұрандар белсенді қолданылды. Бұл ұрандардың күшті трансформациясы АЖТ семиотика теориясымен бірнеше ғылыми және техникалық дискурстарда қолданыла бастағанда жүзеге асты. Зерттеу нысаны – көркем әдебиет, мифтер, халық мәдениеті, сән, дін, саяси дискурстар болған кезде семиотикалық төңкеріс орын алып, мәтіндер көбейе бастады. Ғалымдар мұндай мәтіндерге сенім білдіре қоймады, сондықтан интеллектуалды арақашықтық пен күдікшілдік орын алды. Ғалымдар «сциентизм»



мен «социализм» секілді жаңалықтарға да назар аудармады. Латур: «Ғылыми ақиқат пен материалды тиімділік деген не? Күрделі ғылыми мәтіндерге қатысты сілтемелер туралы не дейсіздер?» деген сұрақ қояды. Тәжірибеде АЖТ-ның семиотикасы кеңейе түсті. АЖТ теорияны жазып алу керек деп есептейді. Акторлар адамға тән және тән емес болғанда, олар әртекті, иілгіш болып келеді.

Актор қалай әрекет етуін болжағаннан гөрі, АЖТ ешқандай тұжырым жасағанды дұрыс санамайды. АЖТ – әрекет теориясы емес, былайша айтқанда, картография. Кез келген форма ұзақ немесе кең болса, оның болуы әбден мүмкін.

Бұл метатіл емес, инфратіл. Тіпті түсіндірме сөздіктен де аясы тар: ол тек ашып қояды, сипаттамайды. АЖТ эмпиристік сипатта ғана емес, себебі мұндай кеңістікті анықтау үшін қатаң теориялық міндеттер шешімін табуы тиіс. Көпшілік зерттеушілер АЖТ-ны догматикалық сипатта деп айыптайды. Сондай-ақ АЖТ-ны акторлар тым икемді, еркін деп те айыптайды.

Алғашқы екеуі – семиотика мен әдіснама – сын үшін барынша ашық. Біріншіден, әлеуметтік контекст ішіндегі қорытындыларды қарастырудың ешқандай тәсілі жоқ; екіншіден, ассоциация формалары мақсатты сипаттамалық міндет болып саналады.

Семиотиканың әлсіздігі мынада – семиотика мағынаның табиғаты мен мәннің арасын ажыратып қарайды; семиотиканың пайымдауынша, «дискурс» немесе «мағына» сөздері бір-бірінен өзгеше. Семиотика мәтіндерді, оның ішінде көркем мәтіндерді зерттейді. Бірақ заттың өзін қарастырмайды. Ғылыми тұрғыдан, заттар мағынасыз өмір сүре алмайды. Десек те, заттардың семиотикасы өте жеңіл болып келеді.

Семиотиканы тәсіл немесе ереже немесе бағыт тұрғысынан түсіндіру қажеттілігі туындаған бүгінгі таңда талдау нысаны не екенін (тіл әлде нысан) анықтаудың маңызы жоғары болмайды. Кейбір тәжірибешілер тіл мен символдарды әртүрлі деп пайымдайды. Бұл – мәтіндердің құндылығын жоғарылату мақсатында жасалған қадам.

Алғашқы шешімді – семиотиканы заттарға тарату – тапқан соң оның мағынасын шектеу үшін келесі бір мәселе туындайды – сипаттауды тіркеу үшін әдіснамалық қалқан құру. Акторлық желілер бір-бірімен біріге отырып, өзін-өзі түсіндіреді. Ал түсіндіру деген не? Бір-біріне ықпал ететін тәжірибелердің жиынтығы. Ешқандай түсіндірмелер арасында элементтердің байланысы болмаса, күшті не қуатты болып шықпайды. Желілер бір-бірімен байланысқанда ғана, ары қарай дами алады. Акторлар ішкі тәртіпсіздіктен арылады. Сипаттама мен түсіндірме арасындағы айырма – соқыр эмпиризм мен жоғары теоретизация. Әрбір желі дами келе, түсіндіруші ресурстарды бір-бірімен байланыстырады.

IV

Желілердің негізгі топологиялық қасиеттеріне сілтеме жасалғаннан кейін акторлардың онтологиялық ерекшеліктеріне де сипаттама берілді. Желіні құрастыратын актор деген болмайды. Ешбір желі сырттан қадағаланбаса, әрекет ете алмайды. Ешбір актор қадағалау жүргізе алмайды. Желі – зат емес, заттардың қозғалысы.

Желілердің ішінде қозғалып жатқан заттың бәрі – ақпарат, ген, автомобиль, байт, сәлемдесу, сөз, күш, пікір, тұжырым, дене, энергия т.б. үзінділері емес. Себебі АЖТ желіні қайта қалпына келтіруге талпынбайды.

АЖТ-ға берілген анықтамалар оны мәтіндер әлемі және дискурспен ғана шектеп қоймайды. Циркуляциялайтын объект мәтіннің шеңберінен шығып кетсе, не болады? Дәстүрлі жауап – мәтін мен контекст арасы алшақ. Қоғамның желілік қасиеттері болады, сондықтан табиғаты болатыны сөзсіз. АЖТ үшін бұл үш категория – маңызды, категориялар көптеген сынақтардан, оқиғалар мен ресурстардан құралады. Оны сипаттау үшін дайын не арнайы сөз жоқ. Оны жалпылама түсіндіре салсақ: «күш немесе энергия немесе ген немесе мәдениет гені – натуралистік сипатта. Кез келген қоғамның табиғаты мен мәтіндері болады». Анықтама беруде осындай қиындықтардан құтылу үшін АЖТ симметрияны басшылыққа алып, мынадай ұстанымды ұсынады: сипаттама беру үшін жұмсалатын сөздер үш сфераны қамтиды – табиғат, қоғам, дискурс. Олар бірін-бірі толықтырып, желіні сипаттауы тиіс. АЖТ – натурализациядан,



социализациялаудан және текстуализациядан бас тарту дегенді білдіреді. АЖТ бұл «-зацияларды» жою керек. Әрине, одан атқаратын жұмыстар жеңілдейді деген сөз емес. Десек те, барлық «-зациялар» желілер арасындағы бостықты толтыру деген ұғымды беріп тұр.

Егер желіні сипаттау үшін арнайы сөздерді таңдау керек болса, «квази-объектілер» немесе фишкалар (ойындық) ең жақсы әрі ыңғайлы жол болар еді. Терминді нақты анықтау үшін циркуляциялайтын және сол циркуляцияны жүзеге асыратын әрекеттер – алдын ала айқындалған және жоспарланған болуы керек. Әдетте, квази-объектілерді қозғалмалы актант деп қарастырған жөн. Фишка бір орнында қозғалыссыз тұрса, оның себебін түсіндіру қажеттілігі артады. АЖТ-ны барлық коммуникация үлгілерінен айыру керек. АЖТ-ны адамға бағытталған кез келген әрекетпен шатастырмау керек. Олар антропоморфты, зооморфты, физиоморфты, логоморфты, техноморфты, идеоморфты, яғни «Х-морфты» сипатта болуы ықтимал.

АЖТ – сфералар мен домендерді бұзудың күшті қаруы. Бірақ ассоциацияларды дифференциалаудың сәтсіз жолы болып та саналады. Бұл АЖТ-ны түсінуде бейне бір ақ-қара түсті теледидарды көзге елестетеді. Бірақ бұл Бруно Латурдың айтуынша, басқа мәселе. Онымен бір емес, бірнеше жылдар бойы нағыз майталман ғалымдар айналысуы керек.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Акторлы-желілік теорияны түсінуде кең таралған үш қателік туралы Бруно Латурдың пікірін айтыңыз.
2. Семиотиканың шектеулілігінің мәні неде?

Әдебиеттер

1. Deleuze Gilles, Guattar Félix. Mille plateaux. Capitalisme et schizophrénie. – Minuit, Paris, 1980.
2. Greimas Algirdas Julien. On Meaning. Selected Writings in Semiotic Theory. – Minneapolis: University of Minnesota Press, 1976.
3. Lee Nick, Brown Steve. – Otherness and the Actor-Network: The Undiscovered Continent. – American Behavioral Scientist. – 1994. – 37.
4. Bastide Françoise. The Iconography of Scientific Texts: Principle of Analysis// Lynch M., Woolgar S. Representation in Scientific Practice. – Cambridge Mass.: MIT Press, 1990.
5. Callon Michel. Some elements of a sociology of translation: domestication of the scallops and the fishermen of St Brieux Bay// Law J. Power, Action and Belief. A New Sociology of Knowledge? – London, 1986.
6. Serres Michel. Statues, François Bourin. – Paris, 1987.